

2018 жылғы 15 қаңтардан бастап ҰЕҰ дерекқорына мәліметтерді ұсыну нысанын жеңілдетуге бағытталған «Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 51 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 175 бұйрығы (бұдан әрі - Бұйрық) қолданысқа енгізілетіндігін хабарлаймыз.

Аталған бұйрық Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінің сайтында (<http://zan.gov.kz>) жарияланған. Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидалары хатқа қосымша ретінде ұсынылады.

Қазіргі уақытта ҰЕҰ дерекқоры веб-порталында (infopro.kz) мәліметтерді ұсынудың жаңа нысанына сәйкестендіру бойынша техникалық жұмыстар жүргізілуде. Осыған орай, Сіздерді мәліметтерді веб-портал арқылы ағымдағы жылғы 15 қаңтардан бастап ұсынуды сұраймыз.

Сондай-ақ Сіз толтырылған нысандарды (кестелер) қағаз түрінде ілеспе хатпен Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігіне (010000, Астана қ., Мәңгілік Ел д., «Министрліктер үйі», 15-кіреберіс) жолдай аласыз.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 41-бабының 5-тармағына сәйкес ҰЕҰ дерекқорына мәліметтерді 2018 жылғы 31 наурызға дейін ұсыну қажет екенін еске саламыз.

Сұрақтар болған жағдайда 8(7172) 74-04-20, 64-25-24 нөмірлері арқылы немесе support@infopro.kz электрондық мекенжайы арқылы хабарласуға болады.

«Риддер қаласы ішкі саясат бөлімі» ММ (Семенова көшесі 19, 28 кабинет, телефон 4-45-72).

Жұмысыңызға сәттілік тілейміз!